

## Мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов

**Нұртас Оңдасынов** (26.10.1904-04.11.1989 ж.ж.) — қоғам қайраткері, тілші-ғалым. Ол кісі заманның ауыр кезеңінде 13 жыл бойы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болды. Үкімет басына келісімен бірінші кезекте елде жүріп жатқан сауатсыздықты жоюды қолға алып, аяқтайды. Шалғай аудандарда мұғалімдер даярлайтын курстар, училище, облыс орталықтарында Мұғалімдер институтын ашып, Орталық Комитеттің саясатының жүзеге асуына күш салады. Қазақстан Орталық Комитетінің бюро мүшесі ретінде ол мәдениет мәселелеріне жауапты болды. Н.Оңдасынов соғыс жылдарының ауыртпалығына қарамай Абайдың 95 және 100 жылдық мерейтойын аса биік дәрежеде атап өту жөнінде Үкімет қаулысын шығарып, комиссияның төрағасы өзі болып өткізген. Қыздар педагогикалық институты, Ұлттық консерватория, Дене шынықтыру институты, Политехникалық, технологиялық институттар ашу және медицина, шет тілдер институттарына көптеген жаңа факультеттер қосу сол кісінің тұсында істелінген істер.

Опера және балет театры құрылысының жедел аяқталуын тікелей бақылап, облыстарда театрлардың ашылып, филармония, ән-би ансамбльдерінің ұйымдасуына да ұйытқы болған. КСРО Ғылым академиясының дербес құрылуына бірден-бір атсалысқан адам. Соғыстың жүріп жатқанына қарамай жаңа ғимараттың салынуына қаражат қарастырып, оның іргесі қаланғанда ырымдап: "Қазақ ғылымы күмістей таза болсын" деп, күміс ақша шашқаны мөлім. Осы Ғылым академиясының басына Қаныш Сәтбаевтың келуіне де себепші осы кісі. Қ.Сәтбаевтың газетке шыққан мақаласындағы болашақ ғалымның сөз саптасы ұнап, жаңа ойларын білуге, танысуға Мәскеуге шақырады. Кездесіп, әйлескеннен кейін КСРО Ғылым Академиясының президенті В.Л. Комаровқа алып барып: "Қазақтың Ғылым Академиясының болашақ президенті..." - деп, бірден таныстырады.

1942 жылдың басында Кенді Алтай, Лениногорға іс-сапарға келген Оңдасынов білімді, байсалды Дінмұхамед Қонаевты кездестіреді. Кейіннен Алматыға келіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Скворцовпен ақылдасып, өзіне орынбасарлыққа шақыртырады. Д.А.Қонаев он жыл бойы Оңдасыновтың орынбасары болады. Нұртас Дәндібайұлы 1954-1955 жылдары Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы, сосын Гурьев (Атырау) облыстық атқару комитетінің төрағасы және осы облыстың партия ұйымын басқарды. "Жауапты қызметте жүріп, шығармашылықтан қол үзбейтін. Араб, парсы тілдеріне жүйрік еді.

1962 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылықпен шындап айналысқан. 1969 жылы "Арабша-қазақша түсіндірме сөздігі", 1974 жылы "Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі" жарық көріп, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленді" — дейді Д.А.Қонаев өзінің "Өтті дәурен осылай" кітабында. Алматыдағы Абай ескерткішінің авторы Хакімжан Наурызбаевты да Қостанайға барған іссапарында байқап, Алматыға алып келіп, оқытып, ат бағушыдан қазақтың тұңғыш мүсіншісін жасаған осы кісі.

1917 жылы оның әкесі жұмыс іздеп Ақтөбе облысына барады. Көп ұзамай әкесі қайтыс болып, жетім-жесір семья Ташкенттің қасындағы Келес станциясына көшіп келеді. Мұнда 1918 жылдан бастап Оңдасынов жолдас жүн жуатын орында, кейіннен кірпіш заводында қара жұмысшы болып істейді. Кеңес үкіметі кедейлердің балалары үшін мектептер мен балалар үйлерінің жанынан интернаттар ашты. Нұртас 1920 жылы интернатқа алынды. Мұнда ол Ленин комсомолының қатарына өтіп, жақсы оқи бастады, сөйтіп орман техникумының даярлық бөліміне, одан соң техникумның өзіне түсіп оқыды. Сонымен, жетім балаға жаңа жарқын өмірдің бұрын өзілген халықтар үшін Ұлы Октябрь Социалистік революциясы әкелген өмірдің даңғыл жолы ашылды.

1926 жылы орман техникумында оқып жүрген кезде, Оңдасынов жолдас Коммунист (большевиктер) Партиясының мүшелігіне өтті.

Келесі 1927 жылы Оңдасынов жолдас орман техникумын бітіріп, орман және су шаруашылығы мекемелерінің системасында бірнеше жыл ұдайы қызмет етті.

Ол 1930 жылы Ташкенттегі ирригациялық институтқа келіп түсті. Оның үш курсы бітіргеннен кейін Оңдасынов жолдас жұмысшы факультетінің оқытушысы және директоры болып істеді. 1934 жылдың Октябрь айында Оңдасынов жолдас Қазақстанға жіберілді. Мұнда ол алғаш Қазақстан орман шаруашылығы тресі бастығының орынбасары, одан соң бастық болып қызмет атқарды. **1936 жылғы августан 1938 жылғы февральға дейін Оңдасынов жолдас Қазақ КСР Егіншілік Халық Комиссариатының ағаш егу басқармасының бастығы** болып, 1938 жылдың февралынан июль айына дейін еңбекшілер депутаттарының Шығыс Қазақстан облыстық Совет атқару комитетінің председателінің міндетін атқарды.

**1938 жылы Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері Оңдасынов жолдасы Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты** етіп сайлады, ал 1947 жылы ол республика Жоғарғы Советінің

депутаттығына тағы да сайланды. **1938 жылдан бастап Н.Д.Оңдасынов республика Халық Комиссарлары Советінің председателі** болып істейді, ал, Халық Комиссарлар Советі Министрлер Советі болып қайта құрылғанда Қазақ КСР Жоғарғы Советінің сессиясы оны Қазақ КСР Министрлер Советінің Председателі етіп бекітті. Осы жоғарғы мемлекеттік қызметте ол қазіргі уақытқа дейін істеп келеді.

Оңдасынов жолдас Коммунист (большевиктер) Партиясының қатарына алынғаннан бері партияның сара жолын большевиктік принципшілікпен және қажырлылықпен жүзеге асыруда. Ол Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясының II, III, IV съездерінің жұмысына қатысты.

**1938 жылдан бері Қазақстан К (б) II Орталық Комитеті бюросының мүшесі болып келеді.**

1939 жылы Оңдасынов жолдас Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясының XVIII съезіне делегат болды. Мұнда ол БК(б)П Орталық Комитетінің Тексеру Комиссиясына мүше болып сайланды. 1941 жылы Алматы сайлау округінің еңбекшілері Оңдасынов жолдасы бірінші шақырылған ССРО Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады. 1946 жылғы февральда ол екінші шақырылған ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына тағы да сайланды. ССРО Жоғарғы Советінің сессиясында Оңдасынов жолдас Одақ Советі председателінің орынбасары болып сайланды.

Республиканың еңбекшілері Оңдасынов жолдасының Қазақ КСР Министрлер Советінің Председательдік қызметінде отырып Ленин-Сталин партиясының адал ұлы ретінде жүргізген зор мемлекеттік жұмыстарын жақсы біледі. Республиканың үкіметін басқара отырып және Совет Үкіметінің директивалары мен нұсқауларын мұлткізсіз жүзеге асыра отырып, ол Қазақ КСР шаруашылығы мен мәдениетін одан сайын өсіру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Партия мен үкімет Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың жанқиярлық еңбегін жоғары бағалап, оны **үш Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін»** 576 Алматы қалалық сайлау округінің еңбекшілері Оңдасынов жолдасы ССРО Жоғарғы Советінің Одақ Советіне депутаттыққа кандидат етіп ұсынды.

**Жинақтап дайындаған;  
Нұртас Оңдасынов атындағы  
музейдің аға ғылыми қызметкері  
Бісқақова Гүлшат Тынысбекқызы**

## Гурьев және Оңдасынов

- Гурьевке Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов табан аудармай он үш жыл Үкімет басқарып, тәжірибесі әбден толысқан 51 жасында келді. Әуелі,

1955 жылдың мамыр айынан атқару комитетінің төрағасы, ал, 1957 жылдың қаңтарынан партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

- Н.Оңдасынов бүкіл облысты аралап, барлық шаруашылықпен танысып шыққан соң, Қазақстан Орталық партия комитеті мен Министрлер Кеңесінің алдына Гурьев облысының экономикасы және халықтың мәдениетін, хал-тұрмысын көтеруге көмек көрсету жөнінде мәселе қояды. Ол - ең бірінші халықтың тұрмысын, мәдениетін көтеру, ауыл шаруашылығын өркендету, мал басын көбейту, суармалы - егістік көлемін көбейтіп, көкөніс-бақша егуді қолға алу, Каспий теңізі жағалауында мұнай-газ барлау жұмыстарын жаңадандыру, жаңа кен

орындарын іздеу... мәселелері болатын. Осы мәселе бойынша 1956 жылдың бас кезінде Л.И.Брежнев пен Д.А.Қонаев қол қойған қаулы қабылданады.

- Қаулымен бірге қаражат та келіп жатты. Айналасы бір-екі жылда облыста суармалы егістіктің көлемін арттырып, бау-бақша, көкөніс, жүгері, жоңышқа егуді дамытты. Тіптен көкөніс пен пиязды көрші облыстарға сататын дәрежеге жетті. Мал басы күрт өсті.

- Каспий теңізі жағалауында мұнай-газ барлау жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізілді. Ірі барлау экспедициялары, трестер құрылды. Гурьевте 1959 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының көшпелі сессиясы өтті. Оған Кеңестер Одағынан ірі ғалымдар мен кәсіби мұнайшылар шақырылды. Академиктер Қ.Сәтбаев пен А.Яншин мұнай іздестіру аясын кеңейтіп, ашылмаған тереңдіктерді қамту жөнінде

пікірлер айтты. Осы сессияда сөз сөйлеген Оңдасынов Ембі мен Маңғыстаудың мұнайы мен газын іздестіруді жедел жүргізу қажеттігін ғалымдар мен мамандар алдына міндет, мақсат етіп қойды.

- Гурьевті көгалдандыруды, ағаш отырғызуды өзі болып бастады. "Тұзды жерге ағаш өспейді, бос шығын..." деп, қарсы болғандарға орман шаруашылығы техникумында алған теориялық білімін іспен дәлелдеп шықты. Сол ағаштар бұл күнде үлкен бәйтерекке айналған. Атырау құлпыруда...

**Жинақтап дайындаған:  
Н.Оңдасынов музейінің  
меңгерушісі  
Әзіретбергенова Ұлбосын  
Орынбайқызы  
Байланыс телефоны:8-701-840-53-60**

## ҚазҰУ – сапалы білім мен қызықты студенттік шақтың кепілі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - бай дәстүрлері бар, оқу және ғылыми жұмыстардағы көпжылдық тәжірибесі бар университет. Әл-Фараби ҚазҰУ – сапалы білім берумен қатар, іргелі ғылымды дамытуға да үлкен үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орны. Білім ордасы жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі білім, ғылым рухани-тәрбиелік негізге ие.

Бүгінгі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - бұл көптеген мамандықтарды ұсынатын тұтас оқу-ғылыми кешен. Университетте 25 мыңнан астам студенттер мен магистранттар көп деңгейлі жоғары кәсіби білім беру жүйесінде оқиды. «Экономика және бизнес» жоғары мектебінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына толық жағдай жасалған, мамандықтар бойынша ғылыми үйірмелер жұмыс жасайды. Студенттердің ғылыми - зерттеу жұмыстарына профессор-оқытушылар жетекшілік етеді. Жоғары мектеп студенттері республика көлемінде және халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын байқауларға, халықаралық пән олимпиадаларына үнемі қатысып, жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Аталған жақсы нәтижелер университетіміздегі оқытушылар еңбегінің жемісі екендігі сөзсіз. Сапалы білім мен қатар белсенді студенттік өмірді қамтамасыз етуде еліміздегі университеттер арасында ҚазҰУ жетекші орында. Оқу ордасында ғылыми, мәдени, қайырымдылық, спорттық бағыттарда көптеген студенттік ұйымдар қызмет етеді.

Мен білім алып жатқан Экономика және Бизнес Жоғарғы Мектебі факультетінде: логистика (сала бойынша), маркетинг, менеджмент, есеп және аудит, экономика, мемлекеттік және жергілікті іс басқару, қаржы мамандықтарын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бакалавриат, магистратура, докторантура дәрежесінде оқытады. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дің 4 курс студенті бола отырып өз таңдауыма мүлдем екінбеймін, сонымен бірге мен осы университетте оқығанымды мақтан етемін және оның беделі, білім сапасы, мұғалімдер даярлаудың халықаралық деңгейі, белсенді және қызықты студенттік өмірге кепіл болуы оның негізгі имиджі деп санаймын.

**Жанзақ Гүлмарал  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық Университетінің  
Экономика және бизнес жоғары  
мектебінің IV курс студенті  
Ғылыми жетекшісі:  
Оразымбетова Ақмарал  
Шыныбекқызы  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық Университетінің  
Экономика және бизнес жоғары  
мектебінің «Бизнес және  
технологиялар» кафедрасының  
аға оқытушысы**